

1-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ұлттық мәдени орталықтар статус бойынша қандай түрлерге бөлінеді?
2. Қазіргі уақытта Қазақстанда қанша ұлттық мәдени орталықтары бар?
3. Қазақстанның қандай аймағында ұлттық-мәдени орталықтардың саны көп?
4. Ұлттық мәдени орталықтарының ұлттаралық қатынасын нығайту үшін қосқан үлесін бағалаңыз.
5. Ұлттық мәдени орталықтарының рөлін анықтаңыз және өз бағаңызды беріңіз.
6. Қарағанды облысында ұлттық-мәдени орталықтарының саны қанша? Қандай қалаларда орналасқан?
7. Қарағанды облысының ең ірі және белсенді ұлттық-мәдени орталықтарын атап шығыңыз.

Қазақстандағы ұлттық-мәдени орталықтар

Ассамблея қызметінің арқасында Қазақстанда ұлттық-мәдени орталықтары құрылған. Қазақстандағы ұлттық мәдени орталықтардың үш статусы болады. Олар республикалық, облыстық, аудандық болып үшке бөлінеді. Мәселен, республикалық ұлттық мәдени орталықтар туралы айтатын болсақ, бүгінгі таңда Әділет министрлігіне нақты тіркелген 28 мәдени орталық бар. Бұл орталықтардың облыста, ауданда өздерінің филиалдары жұмыс істейді. Сонымен қатар ұлттық мәдени орталықтардың жергілікті әділет басқармаларына заңды тіркелгендері де, тіркелмегендері де болады. Осы реттен келгенде, еліміздегі ұлттық мәдени орталықтардың жалпы саны 820-дан асады. Бұл – тіркелген-тіркелмегендерінің барлығын қосып есептегендегі көрсеткіш. Мысалы, республикалық, облыстық ұлттық мәдени орталықтар заңды түрде тіркеліп жұмыс істесе, аудандық орталықтар тіркелмейді, оларды жергілікті әкімшілік өздері бақылайды. Қарап тұрсаңыз, Солтүстік Қазақстан облысында этномәдени орталықтар өте көп. Себебі онда қазақтар аз да, өзге ұлт өкілдері көп шоғырланған. Олардың әрқайсысы сол жерде топтасып, ансамбль құрып, этномәдени орталық ретінде бірлесіп жұмыс жасайды.

Қазақстандағы ұлттық мәдени орталықтардың үш статусы болады: республикалық, облыстық, аудандық. Республикалық ұлттық мәдени орталықтар туралы айтатын болсақ, қазіргі уақытта Әділет министрлігіне нақты тіркелген 28 мәдени орталық бар. Бұл орталықтардың облыста, ауданда өздерінің филиалдары жұмыс істейді. Сонымен қатар ұлттық мәдени орталықтардың жергілікті әділет басқармаларына заңды тіркелгендері де, тіркелмегендері де болады. Республикалық, облыстық ұлттық мәдени орталықтар заңды түрде тіркеліп жұмыс істесе, аудандық орталықтар тіркелмейді, оларды жергілікті әкімшілік өздері бақылайды.

Жалпы ұлттық-мәдени орталықтардың негізгі мақсаттары мен міндеттері – білім беру, тіл үйрену, мәдениеттің жаңғыруы, тарихи Отанымен байланысы, басқа көршілес этностардың мәдениеті мен тілін дамытуға көмектесу, республикамызда қолайлы ұлттаралық қарым-қатынастарды туғызу.

Мәдени орталықтар өз қандастарының жағымды жақтарын, ұлттық ерекшеліктерін және өз халықтарының мәдениетін жан жақты айқындайды. Осы орталықтардың нәтижесінде танысу клубтарының, спорт әуескерлерінің, әр түрлі балалар студияларының және т.б. үйірмелердің ұйымдастырылуы анық байқалады.

Білім беру жүйесіндегі саясат – бұрыннан қалыптасқан ұлттық мектептердің деңгейін көтеру, жаңадан арнайы топтары, сыныптары бар ұлттық мектептерді ашу. Мәдени орталықтардың ұйымдастыруымен жексенбілік мектептердің жұмыс істеп, онда үлкендер мен балалардың өз халқының тілі мен салт-дәстүрін үйренуге мүмкіншіліктері бар. Әдетте аталмыш мектептер сыныптардың бағдарламасын, оқулық кітаптарын т.б. толығымен өз тарихи отандарынан алып отыр.

Мәдени орталықтар арқылы Республикада жыл сайын шағын этностардың көркем өнерпаздар фестивальдарының, өлең жарыстарының, тарихи мейрам күндерінің, жазушылар шығармаларын, суретшілер көрмелерін және т.б. талқыға салу шаралары жүйелі түрде өткізілуде. Олар аудандық, қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық байқауларға қатысып лауреат атанып отыр.

Қарағанды облысы бойынша 55 ұлттық-мәдени орталықтар жұмыс істейді. 20 орталықта кешкілік мектептер жұмыс жасайды. Әр мектепте оқып үйренушілер саны орта есеппен 25 адамды құрайды. Аса белсенді ұлттық-мәдени орталықтарға Қарағанды қаласы, Жезқазған қаласы, Сатпаев, Теміртау, Бұхар-Жырау аудандары кіреді.

Қарағанды облысының ең ірі және белсенді ұлттық-мәдени орталықтары

1. Әзербайджан орталығы «Намус»
2. Армян орталығы «Эребуни»
3. Грузин орталығы «Джорджия»
4. Дүнген орталығы «Биянхау»
5. Грек орталығы «Авги»
6. Қытай орталығы «Дружба»

Қолданған сілтемелер:

1. <http://e-history.kz/kz/contents/view/740> © e-history.kz
2. <http://old.el.kz/m/articles/view/content-22497>
3. <http://kk.convdocs.org/docs/index-3180.html?page=20>
4. http://www.almaty.kz/page.php?page_id=1767&lang=3